

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары –
«Ақ жол» партиясы
фракциясының мүшелері

2022 жылғы 17 маусымдағы № ДЗ-200

Құрметті депутаттар!

Әлеуметтік тұрғын үйді бөлуге қатысты сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймыз.

Кезекте тұрғандарды есепке алудың бірыңғай ұлттық жүйесін енгізу кезінде тұрғын үйді бөлудегі жалғасып жатқан бұзушылықтарға қатысты

Бұдан бұрын, жергілікті атқарушы органдар мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алуға кезекке қою бойынша мемлекеттік қызмет көрсету (*бұдан әрі – мемлекеттік қызмет*) шеңберінде кезекте тұрғандардың тізімін қағаз форматында жүргізген болатын.

2014 жылдан бастап «Электрондық үкіметтің өңірлік шлюзі» ақпараттық жүйесінің (*бұдан әрі – ЭҮӨШ АЖ*) базасында мемлекеттік қызмет көрсету форматы қағаз түрінен электрондық түріне өзгертілді, оның сүйемелдеуімен «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ (*бұдан әрі – ҰАТ*) айналысты.

2019 жылғы 17 желтоқсаннан бастап ЭҮӨШ АЖ-дағы кезекте тұрғандардың тізімі ақпараттандырудың сервистік моделі шеңберінде құрылған «мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке қою және олардың кезегі» сервистік бағдарламалық өніміне (*бұдан әрі – СБӨ*) көшірілді, оның да сүйемелдеуімен НИТ айналысты.

Кезекте тұрғандарды есепке алудың бірыңғай ұлттық жүйесі 2022 жылдың басында енгізілді, онда тұрғын үйдің, кірістердің және әлеуметтік жағдайдың болуы

жөніндегі мәліметтер мемлекеттік деректер қорының 16 ақпараттық жүйесімен интеграцияланған және тұрғын үйді **автоматты түрде бөлуге** арналған.

Бүгінгі күні әкімдіктер аталған деректерді **цифрландыру жұмыстарын жүргізуде.**

Осыған байланысты, жүйе шеңберінде тұрғын үйлерді бөлу бойынша **функционал әкімдіктер кезекте тұрғандар бойынша деректерді цифрлауды аяқтағаннан кейін** автоматтандырылады.

Қазіргі уақытта тұрғын үйді бөлуді әкімдіктер тұрғын үйді пропорционалды бөлу әдістемесіне сәйкес **тұрғын үй комиссиясының отырысында** шешімдер шығару жолымен бұрынғы тәртіппен жүргізеді.

Жауапкершілікке тартылған лауазымды тұлғаларға қатысты

2022 жылдың басынан бастап әлеуметтік тұрғын үй алу кезінде азаматтардың құқықтарын бұзғаны үшін Шымкент қаласы және Ақмола облысы әкімдіктерінің 2 қызметкері тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Әлеуметтік тұрғын үйді бөлу функцияларын бірыңғай автоматтандырылған үйлестірушіге беруге қатысты

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау аясында «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ даму және қолдау институты – «Отбасы банк» болып қайта құрылды, ол кезекте тұрғандарды есепке қоюды, сондай-ақ қолжетімділік сатысына сәйкес олардың арасында жеңілдікті тұрғын үйді бөлуді жүзеге асыратын болады.

Анықтама: Жеңілдікті тұрғын үйді бөлу мынадай тәртіппен жүзеге асырылатын болады:

- табысы 1 ең төменгі күнкөріс деңгейінен аспайтын кезекте тұрғандар үшін отбасының әрбір мүшесіне жалға берілетін тұрғын үй ұсынылады;

- табысы 3,1 ең төменгі күнкөріс деңгейіне дейін кезекте тұрғандар үшін отбасының әрбір мүшесіне жылдық 2% - бен жеңілдікті қарыздар беріледі;

- табысы 3,7 есе ең төменгі күнкөріс деңгейіне дейінгі кезекте тұрғандар үшін "5-20-25" және "5-10-20" бағдарламалары қолжетімді.

Осы градациялық жүйені енгізу есебінен мемлекеттік қолдау шараларының атаулылығын қамтамасыз ету жоспарлануда.

Қазіргі уақытта «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй саясатын реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы, оның шеңберінде «Отбасы банк» АҚ-ға мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алуға кезекте тұрғандардың тізімін жүргізу және тұрғын үйлерді бөлу жөніндегі функцияларды беру жоспарланып отыр, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінде қаралуда.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Ә. Смайылов

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан,
членам фракции партии
«Ақ жол»

на № ДЗ-200 от 17 июня 2022 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев Ваш запрос о распределении социального жилья, сообщаем следующее.

Касательно продолжающихся нарушений в распределении жилья при внедрении единой национальной системы учета очередников

Ранее, местными исполнительными органами в рамках оказания государственной услуги по постановке в очередь на получение жилья из государственного жилищного фонда (*далее – гос.услуга*), списки очередников велись в бумажном формате.

С 2014 года формат государственной услуги изменен с бумажного в электронный формат работы на базе информационной системы «Региональный шлюз электронного правительства» (*далее – ИС РШЭП*), сопровождение которой осуществлялось АО «Национальные информационные технологии» (*далее – НИТ*).

С 17 декабря 2019 года списки очередников, содержащиеся в ИС РШЭП, были мигрированы в созданный в рамках сервисной модели информатизации сервисный программный продукт «Постановка на учет и очередность граждан, нуждающихся в жилище из государственного жилищного фонда или жилище, арендованном местным исполнительным органом в частном жилищном фонде» (*далее – СПП*), сопровождением которого занимался НИТ.

Единая национальная система учета очередников внедрена в начале 2022 года, в которой сведения по наличию жилья, доходов и социального положения

интегрированы с 16-ю информационными системами государственных баз данных и предназначены для **автоматического распределения** жилья.

На сегодня акиматами **проводятся работы по оцифровке указанных данных.**

В этой связи функционал по распределению жилищ в рамках системы будет автоматизирован **после завершения акиматами оцифровки данных по очередникам.**

В настоящее время распределение жилья производится акиматами в прежнем порядке путем вынесения решений **на заседании жилищных комиссий** согласно методике пропорционального распределения жилья.

Касательно привлеченных к ответственности должностных лиц

С начала 2022 года за нарушение прав граждан при получении социального жилья привлечены к дисциплинарной ответственности 2 сотрудника акиматов г.Шымкент и Акмолинской области.

Касательно передачи функций распределения социального жилья единому автоматизированному координатору

В рамках исполнения поручения Главы государства АО «Жилстройсбербанк Казахстана» преобразован в институт развития и поддержки – «Отбасы банк», который будет осуществлять постановку и учет очередников, а также распределение между ними льготного жилья в соответствии с лестницей доступности.

Справочно: Распределение льготного жилья будет осуществляться в следующем порядке:

- для очередников с доходами не более 1-го прожиточного минимума на каждого члена семьи предоставляется арендное жилье;
- для очередников с доходами до 3,1-го прожиточного минимумов на каждого члена семьи предоставляется льготные займы под 2 % годовых;
- для очередников с доходами до 3,7-кратного прожиточного минимума доступны программы «5-20-25» и «5-10-20».

За счет внедрения данной градационной системы планируется обеспечить адресность мер государственной поддержки.

В настоящее время проект Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам реформирования жилищной политики», в рамках которого планируется передача в АО «Отбасы банк» функций по ведению списков очередников на получение жилища из государственного жилищного фонда и распределению жилищ, находится на рассмотрении в Мажилисе Парламента Республики Казахстан.

**Премьер-Министр
Республики Казахстан**

А. Смаилов